

Мақтарал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі N 799 "Аудандық коммуналдық меншік туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 маусымдағы N 624 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 шілдеде N 14-7-121 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 қазандағы N 1962 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011.10.24 N 1962 Қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Аудандық коммуналдық меншік туралы» Мақтарал аудан әкімдігінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 799 (Нормативтік-құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-7-83 нөмірімен тіркелген, «Мақтаарал» газетінің 38(8483)-нөмірінде 2009 жылғы 18-қыркүйекте жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беру нұсқаулыққа:

16-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Кепілдік жарна жалға берілетін объектінің бастапқы бағасынан 10 пайыз мөлшерінде есептеледі.»;

Нұсқаулықтың қосымшасындағы «100 теңге» деген сөз «0 теңге» деген сөзбен өзгертілсін.

Нұсқаулыққа қосымша келесі мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Білім беру мемлекеттік мекемелерінің тамақтандыруды ұйымдастыру жайларын жалға беру ақысының мөлшері қала және кенттерде орналасқан объектілерге 60 (алпыс) теңге, ауылдық округтерге орналасқан объектілерге 50 (елу) теңге».

2. Осы қаулы алғаш рет бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Абжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ.Хаметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК